

## Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2006 жылғы 20 қаңтардағы N 9/17 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 1 ақпанда N 3060 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3-4) тармақшыларына, Екібастұз қалалық мәслихаты (III сайланған III сессиясы) мен қала әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы "Екібастұз қаласының Көктөбе ауылын академик Әлкей Марғұлан атындағы ауыл етіп қайта атау туралы" N 3.21, 2004 жылғы 14 желтоқсандағы (III сайланған IX сессиясы) "Комсомол ауылдық округінің Комсомол ауылын тарату және оны деректер есебінен алып тастау туралы" N 3.135, 2004 жылғы 14 желтоқсандағы (III сайланған IX сессиясы) "Көктөбе ауылының N 1 бөлімшесін тарату және оны деректер есебінен алып тастау туралы" N 3.136, 2005 жылғы 24 мамырдағы (III сайланған XIV (кезектен тыс) сессиясы) "Төрт Құдық елді мекенін поселке санатынан ауыл санатына жатқызу туралы" N 3.191 бірлескен шешімдеріне сәйкес, аталған елді мекендер тұрғындарының пікірлерін ескеріп, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көктөбе ауылы академик Әлкей Марғұлан атындағы ауылы деп қайта аталсын;

Павлодар облысы Екібастұз қаласының Көктөбе ауылының N 1 бөлімшесі кейіннен деректер есебінен алынып тасталып, таратылсын;

Екібастұз қаласының Комсомол ауылдық округінің Комсомол ауылы кейіннен деректер есебінен алынып тасталып, таратылсын;

Төрт Құдық елді мекен поселке санатынан ауыл санатына жатқызылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК